

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Мен, Назгүл Бердіқожа, «Сыр Алаштың анасы» - деп өзіңіз баға берген, шайырлардың мекені, Сіздің ерекше назарыңыздағы Арал топырағынан келіп тұрмын.

Сіздің, бір ғана Қызылорда арқылы бүкіл Қазақстанның жасарып-жаңаруын көруге болады деген сөзіңіз жүрегіме жыр болып құйылды.

Сізге және барша Алаш жұртына деген құрметімді шағын жыр шумақтарымен білдіргім келеді. Рұқсат етіңіз.

Нұрлы жол

Қайнап шығып құрыштың ағысында,
Атқа мініп, түстің де тағы сынға.
Әлмұлыққа жеткіздің бұл қазақты,
«Ғасырлар тоғысында».

«Ақиқаттың - ақ жолы» - бұл шындығым,
Ұғындырған жұртына тылсым тілін.
Жәнібек пен Керейдің шаңырағын,
Күн астында көтеріп тұрсың бүгін.

Жауқазындай жайнаған қырқада өңі,
Астанамның толысқан тұрқы- әдемі.
Үлкен үй деп қарайды мына бізге,
Төрткүл дүние – тұтасқан Түркі әлемі.

Ұлыстар мен ұлттарды ұйыстырып,
Қауызына бір дәннің сиыстырып,
Ауызына қараттың алты алашты,
Қиыннан қиыстырып!

Жылдар ұмыт кешегі ала шапқын!
Шағы туды пайым мен парасаттың.
Жеткізеді қазақты күн түбіне,
«Нұрлы жолың» - бастауы болашақтың!

Сыйлаған жұртына бақ, халқына құт,
Еріне ел тілегі - алтын ақық.
Елбасы асқарларға бастай берсін,
Алаштың аймаңдайын жарқыратып!